



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

- Социальная работа как с правонарушителями, так и с жертвами содействует социальному функционированию семьи и отдельно человека.
- Работа по демистификации системы, которая рассматривается как устрашающая, состязательная, карательная и принудительная.
- Социальная работа обеспечивает как профилактику, так и вмешательство по мере необходимости отдельными лицами в системе правосудия.
- Социальная работа вносить позитивный вклад в жизнь правонарушителей и жертв.  
Условия эффективной социальной работы и поддержки людей (правонарушителей и жертв) в системе юстиции:
- Признание роли социальной работы в системе правосудия.
- Адекватная профессиональная подготовка социальных работников.
- Обеспечение специалистов ресурсами для оказания эффективной помощи.
- Согласованность роли и функций социальных работников с другими субъектами правосудия.

#### **Список использованных источников:**

1. Международная организация World Prison Brief <http://www.prisonstudies.org>
2. Roberts, A. & Springer, D. (2007). Social work in juvenile and criminal justice settings (3rd ed.). Springfield, IL: Charles C. Thomas. p. 46
3. Orzech, D. (2006). Criminal justice social work: New models, new opportunities. Social Work Today, 6(6), 34.
4. <http://ifsw.org/> Международная федерация социальных работников.
5. JESSICA A., HALAEVALU F. O., MARY KIERNAN-STERM. «101 Careers in Social Work» p. 137
6. Указ Президента Республики Казахстан от 8 декабря 2016 года № 387 «Об утверждении Комплексной стратегии социальной реабилитации граждан, освободившихся из мест лишения свободы и находящихся на учете службы пробации, в Республике Казахстан на 2017-2019 годы»
7. <http://www.socialworkers.org/> Национальная ассоциация социальных работников (США)

УДК 159.9

### **1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОБАЛЖУ ДЕНГЕЙЛЕРІ**

**Күмісбек Ұлдана Жақсыбекқызы,  
Сәмбет Майра Бақытбекқызы**

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Ғылыми кеңесші - А. Р. Ерментаева

Қобалжуды (Дельгадо, Р. Мэй, Р. Лазарус, Ч. Спилберг, А. Фрейд, В.С. Мухина, К. Хорни) психикалық жай-күйдің өткінші әсерінен туындайтын стрестік факторлар ретінде қарайды [1-3].

Балаларға қатысты қобалжуды зерттеумен шетелдік психологтар (Е.Ю. Брель, Р.В. Кисловская, Б.И. Кочубей, Е.В. Новикова, А.М. Прихожан және т.б. ) арнайы зерттеген [4]. Соның ішінде (Э.В. Зиновьева) қобалжудың деңгейі анықталған.

Қоғам өмірінің қарқынды өзгерістері қазіргі адамға қойылған талаптар мен күтілімдердің артуына алып келеді. Осыған байланысты қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндеті – оқылатын материалдардың мазмұнын арттыру, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу және қолдану, оқушыларды толыққанды дамыту үшін қажетті жағдайларды іздеу және құру арқылы жүргізілетін оқыту мен тәрбиелеу процесін оңтайландыру болып табылады.

Сонымен бірге қазіргі заманғы мектеп пен қоғамның міндеттерінің бірі оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады. Бүгінгі күні осы проблеманы шешу қажеттілігі, әсіресе, мектепке байланысты эмоциялық қиындықтарды бастан өткерген балалардың саны қарқынды өсуде. Бұл мектеп оқушыларының соматикалық әлсіреуіне және невроздардың дамуына әкеледі.

Сондықтан мектептегі жоғарғы мазасыздықты зерттеу – оқушылардың эмоциялық күйзелісінің көрсеткіші ретінде, олардың психикалық және физикалық денсаулығын ғана емес, сонымен қатар білім беру ісінің табысты болуына әсер етеді. Ең маңыздысы – үйрету қызметін дамыту мен игеру, жаңа әлеуметтік жағдайға балалардың енуіне байланысты ерте мектеп жылдарындағы қобалжудың нақты түрін анықтап, сондай-ақ мектептегі мазасыздану табиғаты мен танымдық және тұлғалық даму әсерлерін зерттеу болып табылады.

Қазіргі кезеңде, мазасыздану және қобалжу проблемасы әр түрлі тәсілдермен көрінеді:

- 1) қобалжу - белгілі бір жағдай ретінде;
- 2) қобалжу - үрлі қиындықтардан туындайтын адамның жеке қасиеті ретінде;
- 3) алаңдаушылықты бастан кешіру үдерістері және тұрақты дербес білім ретінде алаңдаушылықты қалыптастыру [5].

Ч.Д.Спилбергер тұрғысынан қобалжу тәжірибесінің процедуралық сипаттамаларын қарастырған кезде, когнитивті фактор қобалжу мен үрейлену үдерісін қозғауда шешуші рөл атқаратындығын көре алады. Когнитивті бағалау - бұл алаңдаушылық туындаған кездегі алғашқы байланыс, ал кейінгі когнитивтік қайта бағалау алаңдаушылықтың қарқындылығын және оның қарсылығын уақытында айқындайды [2].

1990 жылдан бері келе, қобалжуға арналған зерттеулер жүргізілді. Оның нәтижелері тек интеллектуалды даму мен қабілеттерін қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге жеке қасиеттерін дамытуға бағытталғанын көрсетеді (С.И. Пржевецкая, 1995; О.В. Нестерова, 2004, т.б.) [6].

Мәселен, осы психологтардың зерттеуінің маңыздылығы мектептегі қобалжуды, оның сипатын және оқушылардың когнитивтік және жеке сипаттамаларын зерттеу қажеттілігінен туындағанынан белгілі.

Соңғы онжылдықта балалардың денсаулықтарының нашарлауы, әр түрлі жастағы балалардың адаптациясының дұрыс болмауы белгілі. Көптеген зерттеулердің қорытындысы бойынша 30 пайыздың шамасындағы балалардың ғана денсаулықтары жақсы деп есептеледі.

Баланың денсаулығын сақтау туралы айта отырып, біз әлеуметтік ортаның өзгерістерінің бірі мектепке бейімделмеушілік және баланың оқу үлгеріміндегі сәтсіздіктерінің туындайтынын сациопсихологиялық және психофизиологиялық нормаға сай келмеуін ескеруіміз қажет.

Баланың мектептегі алғашқы кезеңде болуы оның жаңа жағдайға әлеуметтік-психологиялық бейімделу мезгілі болып табылады. Баланың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуі туралы айта отырып, балалар тобына бейімделуі туралы сұраққа тоқтала кеткен жөн. Әдетте, бұл процестегі қиыншылықтар балабақшаға бармаған, әсіресе отбасындағы жалғыз өскен балаларда кездеседі. Егер бұл балаларда құрбыларымен қарым-қатынаста жетерліктей тәжірибе болмаса, онда олар сыныптастарынан және мұғалімдерден үйде қалыптасқан қарым-қатынасты күтуі мүмкін. Сондықтан, мұндай балалар үшін жағдайдың өзгеруі жиі стресске әкелуі мүмкін, себебі, мұғалім барлық балаларға бірдей қарап, оған өзінің көңілін бөлмесе, оған аяушылық жасамағандай сезінеді, ал сыныптастары мұндай балаларды көшбасшы есебінде қабылдауға асықпайды және оған көңілері келмейді. Егер біршама уақыттан кейін құрбыларымен қарым-қатынаста әртүрлі тәжірибелері жоқ балалардың ата-аналары олардың мектепке келгісі келмейтіндігімен, сонымен қатар, оны барлығы ренжітетіндігі, ешкім тыңдамайтындығы туралы, мұғалім баланы жақсы көрмейді деп шағымдansa, онда жауапсыз қалуға болмайды. Мұндай шағымдарға адекватты түрде жауап беруге үйрену қажет.

Бастауыш сынып оқушыларындағы қобалжу сезімі көбіне балабақшаға бармай, үйде отырған балаларда кездеседі. Мұндай балаларда анасының жанында жоқтығы, бейтаныс балалармен араласу, мектеп дәлізінде адасып кетем деген қорқынышпен әжетханаға бара алмауы, олармен достаспайды деген қорқыныш болады. Бұндай балаларға түсіндіріп айтып, талқылып көрсету қажет. Балаға өз басыңыздан өткен қобалжу жағдайын айтып, оны қалай жеңгеніңізді түсіндіру керек.

Мағжан Жұмабаев эмоция, ішкі сезімдер түрлері және олардың жағымды, жағымсыздығы туралы дербес тоқталып айта келіп, осы сезімдерді тәрбиелеу қажеттігіне тоқталады. Бала мазасыздану туралы қорқу сезімінде баса айтады. «Қорқу сезімі – адам жанында бір бақытсыздық күткенде болады», - деп оның терең талдай отырып, «Бала тым қорқақ келеді. Мұның себебі – баланың қиялы тым тірі һәм денесі әлсіз» – деген тұшымды ой айтады. Алдымен баланың қорықпауына мән беру керектігі, жасында қорқақ болған баланың ерлік істерге бара алмайтындығымен түйіндейді

Мектепке дейінгі кезеңнің эмоциялық реакциясына қарқындылық пен тұрақсыздық тән. Бұл жаста балалар өздерінің эмоцияларын еш қымсынбастан көрсетеді, олар қуаныштан секіріп, шауып жүгіруі немесе ашу ұстамасында еденге өзі құлауы да мүмкін. Қанағаттанбауды білдірудің әлеуметтік тұтынушылық әдістерін меңгермей жатып, олар ашуланып, кейде тістеп, тырнап немесе төбелесе бастауы да мүмкін. Ашуды көрсетудің физикалық әдістері көбіне ұлдарға тән. Дегенмен балалардың ашу реакциясы ересек жастағы балаларда байқалатын ұқсас реакциялардан ерекшеленеді. Ол қандай да бір тура ынтаға атылғыш, көндіксіз, қысқа реакциялар болуы мүмкін. Жас балалар арасындағы жанжалдар мен ұрыстар жиі болып отырады және, негізінен қайсыбір нәрсені меңгерудегі таластың нәтижесі болып табылады. Алдын-ала ойластырылған және жоспарланған қарым-қатынастар уақыт өте дамиды, ол баланың өзінің энергиясын белгілі мақсатқа бағыттау қабілетінің өсу деңгейіне байланысты. Мектепке дейінгі жастың соңында ойынды жоспарлаудағы ойлары мен қызығушылықтарының қиылыспауы ұрыстардың салмақты себебі болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде балаларда алдымен жануарлардан қорқу дамиды, бірақ сосын 4-6 жаста қарқынды шекке жететін, түнгі қорқыныштармен байланысты қияли қауіптіліктер алдындағы (елестер және т.с.с.) үрейлерге бірте-бірте алмасады, кейде балалар анасы болмаса ұйықтай алмауы да мүмкін. Көбіне бұл жастағы қорқыныштар мен толқулар тамақтану мәселелеріне байланысты болады, сондықтан балалар тағамнан бас тартуын байқатуы мүмкін. Сонымен бірге, мектепке дейінгі оқушылар көбіне жеке өзі жаңа жағдайларға тап келсе одан қорқады, бірақ жаны жақын адамының қасында болуы қорқыныштарды жоюда едәуір деңгейде көмектеседі.

«Қобалжу: диагностика және түзету әдістері» мазасыздану мәселесі қазіргі психология ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. адам мазасыздану теріс тәжірибе арасында ерекше орын алады, ол жиі қарым-қатынас қиындықтарына, жұмыстың өнімділігінің төмендеуіне алып келеді. Егер де балалардың қобалжуы жоғары деңгейде болса ол тек қана эмоциялық күйді төмендете қоймай, әр түрлі эмоция комбинациясының төмендеуіне де алып келеді. Мысалы мінез-құлқтың нашарлауы, әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың нашарлауы, қабылдау, ойлау процестерінің себебінен сабақ үлгерімінің төмендеуі байқалады.

Бастауыш сынып оқушыларының кері эмоцияларын тудыратын себептердің жиі кездесетін түрі – дезадаптация. Бала өмірінде мектепке барып, оқушы статусында болу өте күрделі кезең. Сондықтан осы оқушы статусына үйрену, оның барлық міндеттерін толық мойындап алу - бала үшін күрделі сын болып табылады.

Р.В. Овчарова дезадаптацияның пайда болу себептеріне талдау жасай отырып мектеп дезадаптациясының формаларының ұсынады:

1) Оқу әрекетінің пәндік жақтарына бейімсіздік. Себебі, баланың жеткіліксіз және интеллектуалды дамуы, ата-ана және мұғалім жағынан назар және көмектің жоқтығы.

2) Өзінің мінез-құлқы, жүріс-тұрысымен еркімен басқаруға қабілетсіздігі. Себебі, отбасындағы қате тәрбие (ішкі қалыптардың жоқтығы).

3) Мектеп өмірінің қарқынын, жүйке жүйесінің әлсіз типін қабылдау қабілетсіздігі. Себебі, отбасындағы қате тәрбие немесе баланың индивидуалды ерекшеліктерін ересектердің елемеуі.

4) Мектептегі невроз немесе «мектеп фобиясы» - отбасылық және мектептік «біз» арасындағы шиеленісті шеше алмау. Себебі, отбасылық тұтастықтың шекарасынан бала шыға алмайды – отбасы оны ешқайда босатпайды, (бұл көбінесе баланы негізсіз өз мәселелерін шешу үшін пайдаланатын ата-аналар).

Р.В. Овчарова бастауыш сыныпта мектептегі дезадаптацияның басты себебі отбасының әсерінің ерекшелігімен байланысты екендігін атап өтті. Егер бала «Біз» деген күйзелісті сезінбейтін отбасынан келсе, онда ол жаңа қоғамдастық – мектепке қиындықпен кіреді. Негізсіз оқшаулануға тырысу, «Мен» дегенін өзгеріссіз сақтау үшін кез-келген қоғамдастықтың ережелерін және қалыптарын қабылдамау балалардың мектептегі дезадаптациясының негізінде жатыр. Бұл балалар «біз» сезімі қалыптаспаған отбасында тәрбиеленген немесе ата-аналарды баласынан немқұрайлылық, теріс қараушылық бөліп тұрады.

Кобалжудың формаларының жіктелуі мектептегі бейімделу процесінің бұзылуына орай мынадай түрде көрінеді :

- оқу әрекеттерінің элементтерінің қалыптаспауы;
- оқу мотивациясының қалыптаспауы;
- мінез-құлқын, зейінін, оқу іс-әрекетін ерікті реттеу қабілетсіздігі;
- мектеп талаптарын меңгерудегі қиыншылықтары;
- мектепке келу баладан ойлаудың дамуының қандайда бір деңгейін, қарым-қатынас дағдыларын, мінез-құлқын ерікті реттей алуын талап етеді.

Мектептегі бейімделу деңгейін бағалау төмендегідей блоктардан тұрады:

1. Интеллектуалдық даму көрсеткіші - жоғары психикалық функциялардың даму деңгейінен тұрады: мәлімет, оқуға қабілет баланың ақыл-ой іс-әрекетін өзіндік реттеу қабілеті.

2. Эмоциялардың даму көрсеткіштері - баланың эмоциялық - экспрессивтік даму деңгейін, олардың жеке тұлғалық өсуін көрсету.

3. Коммуникациялық дағдыларының қалыптасу көрсеткіштері (7 жастағы дағдарысқа байланысты психологиялық қайта құрылуын ескере отырып, өзін-өзібағалау және тартымдық деңгейін анықтау).

4. Мектеп жасындағы даму кезеңіндегі баланың мектептік сауаттылық деңгейі.

Біздің зерттеу мақсатымыз балалардың мектепке бейімдеушілігіне кедергі жасайтын кобалжудың деңгейін анықтау болды. Ол үшін, Астана қаласындағы №76 мектеп-лицейінің 6-7 жас аралығындағы 1 сынып оқушыларынан «Қазан» айында “Қобалжу” әдістемесін жүргіздік. 1-сынып оқушыларынан кездейсоқ таңдалған 13 оқушы қатысты. Оның ішінде: 7 ұл бала және 6 қыз бала.

Бұл әдістеме – американдық психологтар Р.Тэмпл, М. Дорки және В. Аменнің балалардың мектепке дейінгі кобалжу деңгейін анықтауға арналған. Проективтік тестте баланың қарапайым өмірлік жағдайлардағы алаңдаушылық көріністерін зерттейді (егер тиісті тұлғалық сипаттамалар ең жоғары дәрежеде көрінсе).

Алаңдаушылық - жеке тұлғаның ерекшелігі болып саналады, оның функциясы психологиялық деңгейде адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сол уақытта теріс салдары болады. Соңында сәттілікке жетуге бағытталған баланың әрекеті тежеледі. Жоғары дәрежедегі алаңдаушылық көбінесе сәтсіздіктерден аулақ болудың жоғары дамыған қажеттілігімен бірге жүреді және осылайша табысқа жетуге кедергі келтіреді.

Бір жағдайдағы баланың алаңдаушылығы басқа жағдаймен бірдей бола бермейді. Жағдайдың маңыздылығы баланың осы жағдайларда пайда болған теріс әсеріне байланысты. Теріс эмоциялық тәжірибе өзіндік ерекшелігі мен баланың тиісті мінез-құлқы ретінде алаңдаушылықты тудырады.

Мазасыздықтың психодиагностикасы баланың белгілі бір әлеуметтік жағдайға деген ішкі көзқарасын білдіреді, баланың қоршаған ортадағы адамдармен, әсіресе отбасында, балабақшадағы қарым-қатынастарының табиғатын көрсетеді.

Сынақ балалармен жеке жүргізіледі. Бала белгілеген көңіл-күйлері арнайы протоколға толтырылады.

Балалардан алынған протоколдарды екі формада: сандық және сапалық анализ жасаймыз. Р.Тэммл, М. Дорки және В. Аменнің «балалардың мектепке дейінгі қобалжу деңгейін» анықтауға арналған әдістеме бойынша алынған нәтиже 1-кестеде көрсетілген.

*1-кесте.*

*Р.Тэммл, М. Дорки және В. Аменнің «балалардың мектепке дейінгі қобалжу деңгейін» анықтауға арналған әдістеме бойынша алынған нәтиже*


№	Аты	Жынысы	Жасы	Көңілді		Мұңлы	
				Саны	%	Саны	%
1	А	Ұл	7	6	42,9	8	57,1
2	Д	Ұл	7	10	71,5	4	28,5
3	М	Ұл	6	9	64,3	5	35,7
4	А	ұл	6	6	42,9	8	57,1
5	М	Ұл	7	7	50	7	50
6	Д	Ұл	7	6	42,9	8	57,1
7	Н	Ұл	6	6	42,9	8	57,1
8	Б	Қыз	7	9	64,3	5	35,7
9	И	Қыз	6	8	57,1	6	42,9
10	М	Қыз	7	7	50	7	50
11	З	Қыз	6	8	57,1	6	42,9
12	З	Қыз	6	8	57,1	6	42,9
13	Ж	Қыз	6	6	42,9	8	57,1

Ал, барлық балалардың жауабы бойынша қобалжуға тікелей әсер ететін көңілсіз күйдің деңгейлері пайыздық көрсеткішпен 1-диаграммада бейнеленді.



*1-сурет. 1-сынып оқушыларының көңілсіз күй кешу деңгейлері*

Ал, 2-диаграммада барлық балалардың жауабы бойынша қобалжуды төмендетуге әсер ететін көңілді күй кешудің деңгейлері бойынша пайыздық көрсеткіш берілген.



*2-сурет. 1-сынып оқушыларының көңілді күй кешу деңгейлері*



Р. Тэммл, М. Дорки және В. Аменнің балалардың мектепке дейінгі қобалжу деңгейін анықтауға арналған әдістемесі 6-7 жастағы 13 баланың 15,3% -ында орташа, 38,4%-ында жоғарғы қобалжу деңгейін көрсетті.

Сонымен қатар, 6-7 жас аралығындағы 1 сыныпта оқитын ұлдар мен қыздардың арасындағы қобалжу деңгейлері бойынша байланыстарды анықтау үшін Спирмен коэффициентін қолдандық. Сонда, балалардың мектепке бейімдеушілігіне кедергі жасайтын «Қобалжу деңгейі» бойынша ұл балалар мен қыз балалардың арасында байланыс жоқ болды.

Сонымен қатар, қобалжу деңгейі оқушыларда мектепке үйрене келе өзгеруі мүмкін бе? – деген сұраққа жауап ретінде Астана қаласындағы №76 мектеп-лицейінің 2 -сынып оқушыларынан 2017 жылы қазан айында кездейсоқ таңдалған 13 оқушыға әдістеме жүргіздік (2-кесте). Оның ішінде: 7 ұл бала және 6 қыз бала. Мұнда әдістемеге қатысқан 7-8 жас аралығындағы 2-сыныптағы 13 баланың жынысы, жасы көрсетіліп, «Қобалжу деңгейі» бойынша берілген 14 суреттердің ішінен өзіне ұнамды келбеттерді таңдау арқылы олардың жеке пайыздық көрсеткішін анықтадық.

2-кесте.

2-сынып оқушыларының қобалжу күйі бойынша көрсеткіштері

№	Аты	Жынысы	Жасы	Көңілді		Мұңлы	
				Саны	%	Саны	%
1	Д	Ұл	8	9	64,3	5	35,7
2	А	Ұл	8	9	64,3	5	35,7
3	Н	Ұл	7	8	57,1	6	42,9
4	Н	ұл	8	12	85,7	2	14,3
5	Ә	Ұл	8	11	78,6	3	21,4
6	А	Ұл	7	9	64,3	5	35,7
7	А	Ұл	7	8	57,1	6	42,9
8	І	Қыз	8	10	71,4	4	28,6
9	З	Қыз	8	8	57,1	6	42,9
10	Д	Қыз	7	11	78,6	3	21,4
11	Ш	Қыз	8	9	64,3	5	35,7
12	А	Қыз	7	9	64,3	5	35,7
13	А	Қыз	8	13	92,9	1	7,1

3-диаграмма барлық балалардың жауабы бойынша қобалжуға тікелей әсер ететін көңілсіз күйдің деңгейлері пайыздық көрсеткішпен бейнеленді.



3-сурет. 2-сынып оқушыларының көңілсіз күй кешу деңгейлері

Ал, 4-диаграммада барлық балалардың жауабы бойынша қобалжуды төмендетуге әсер ететін көңілді күй кешудің деңгейлері бойынша пайыздық көрсеткіш берілген.



4-сурет. 2-сынып оқушыларының көңілді күй кешу деңгейлері

Сонда, Р.Тэммл, М. Дорки және В. Аменнің балалардың мектепке дейінгі қобалжу деңгейін анықтауға арналған әдістеме бойынша 7-8 жастағы 2-сыныптағы 13 баланың 100%-ында төменгі қобалжу деңгейін көрсетті.

Стъуденттің t-критерийі бойынша 6-7 жас аралығындағы 1-сынып оқушыларының қобалжу деңгейі мен 7-8 жас аралығындағы 2-сынып оқушыларының мектепке келгеніне 1 жыл өткеннен кейінгі қобалжу деңгейлері арасындағы өзгерісті анықтағанда, айырмашылық  $p \leq 0.01$  деңгейінде статистикалық мәнді болды.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде шартты түрде балалардың мектеп қобалжуының алғышарттары анықталды. 6-7 жастағы 1-сынып оқушыларының қобалжу деңгейі 38,4%-дық көрсеткішті көрсетті.

7-8 жастағы 2-сынып оқушыларының қобалжу деңгейі 1-сыныпқа карағанда төменгі көрсеткішті көрсетті. Яғни, 2-сынып оқушылары 1-сыныпқа карағанда мектепке бейімделеді деген тұжырымдама жасалынды.

Стъуденттің T-критерийі бойынша 1-сыныптан кейінгі қобалжу деңгейімен 2-сыныптағы 7-8 жасқа келген балалардың қобалжуы арасындағы айырмашылық болатыны  $p \leq 0.01$  деңгейінде статистикалық мәнді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Хорни К. Тревожность // Тревога и тревожность. СПб.: Питер, 2001. -С. 166-181.
2. Спилбергер Ч.Д. Концептуальные и методологические проблемы исследования тревоги // Стресс и тревога в спорте. М.: Физкультура и спорт, 1983.-С. 12-24.
3. Чуприкова Н.И. Сознание как высшая расчлененная и системно-упорядоченная форма отражения и его мозговые механизмы // Психологический журнал. 1981. -Т.2, №6. - С. 16-27.
4. Прихожан А.М. Психология тревожности. Дошкольный и школьный возраст. - СПб.: "Питер", 2007.
5. Кумарина Г.Ф. Школьная дезадаптация: признаки и способы предупреждения.//Народное образование. 2002. № 1.
6. Прежесецкая С.И. Когнитивное и личностное развитие младших школьников в разных системах обучения: Дис. .канд. психол. наук. -М., 1995.- 111 с.

УДК 159.9

#### ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АТА-АНА ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Құрмашова Айдана Серікқызы,  
Ерманова Сапаргүл Дархановна**

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Ғылыми кеңесші - А. Р. Ерментаева

А.В. Черниковтың анықтамасы бойынша «отбасы – өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе».  
А.В. Мудриктің анықтамасы бойынша «отбасы - неке мен туыстық қарым-қатынасқа